

## «С. ДЕМИРЕЛ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТТІҢ ХАБАРШЫСЫ» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫНА ЖАРИЯЛАНУ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ БАСШЫЛЫҚ

С. Демирел атындағы Университеттің ғылыми журнал «СДУ Хабаршысы» филология ғылымдары, әлеуметтік ғылымдар, жаратылыстану және техникалық ғылымдар, педагогика және пәндерді оқыту әдістемесі бағыттарында жүргізілген ғылыми зерттеулер қорытындыларын қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде жариялайды.

### Қолжазба құрылымы:

- *FTAMP* коды (ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық рубрикаторы) - бірінші беттің жоғарғы сол жақ бұрышында орналастырылады;
- *Авторлар туралы мәліметтер*: аты-жөні, тегі (қазақ, орыс, ағылшын тілінде), ұжымдық жұмыстарда авторлардың аты-жөні, тегі олар берген тәртіппен орналастырылады;
- *Мекеме немесе ұйымның атауы, қала, мемлекет туралы ақпарат* (қазақ, орыс, ағылшын тілінде);
- *Мақала атауы* – мақала атауы қысқартылған сөздерсіз, мүмкіндігінше нақтыланған болуы шарт (қазақ, орыс, ағылшын тілінде);
- *Аңдатпа* (100 сөзден кем емес) және кілт сөздер (10 сөзден артық емес), қазақ, орыс, ағылшын тілінде;
- *Мақаланың негізгі мәтіні* (зерттеу тілінде);
- *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі* (мақала мәтіні тілінде).

### Ғылыми мақаланы рәсімдеу талаптары:

Мақала мәтіні, 3 тілде берілген түйіндеме, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және суреттер мен кестелер қосып қарастырылғанда 5 - 10 бет көлемінде бір файлмен тапсырылады. Форматтық сипаты: шрифтті - Times New Roman; өлшемі — 12 pI; жол арасындағы арақашықтығы – 1.

#### Мақала мәтіні келесідей құрылымдарды қамтуы шарт:

*Кіріспе*: зерттеу жұмысының қысқаша мазмұны, мақсаты мен міндеттері;

*Зерттеу әдістері*: жаңа және жалпыға мәлім әрі қолданыстағы әдістер;

*Зерттеу нәтижесі*: негізгі теориялық және тәжірибелік зерттеу қорытындысы, нақты деректер, анықталған арақатынастар мен заңдылықтар;

*Қорытындысы*: зерттеудің жаңалығы мен өзектілігі негіздемесі, қорытынды зерттеу нәтижелерін қолдану бойынша ұсыныстар және қорытынды тұжырым;

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*: 7.1-2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық рәсімдеу. Құрастыру ережелері мен жалпы талаптар» МеМСТ бойынша жүзеге асады. Пайдаланылған дерек көздері сілтемелері өсу тәртібімен нөмірлене көрсетіледі (үлгісі қосымша ретінде берілген).

Кестелер араб цифрларымен нөмірленіп, сипаттамалық атауы жазылуы керек.

Суреттер (сызбалар, бейнелі кестелер және т.б.) қара-ақ түсте орындалады. Түрлі - түсті суреттер ұсынылған мәтіндік материалды түсіну үшін қажет болған жағдайда ғана басып шығаруға қабылданады. Сканерден өткізілген немесе интернет ресурстарынан жүктеп алынған графикалық материалдардың сапасы баспаға жарамсыз болып табылатындықтан, мәтінде пайдалану ұсынылмайды.

Жеке бетте автордың (авторлардың) аты-жөні, ғылыми атағы /дәрежесі және лауазымы немесе кәсібі, байланыс көздері: мекен-жайы, телефон, электронды мекен-жайы жайлы мәлімет толық түрде көрсетіледі.

**Жауапты редактор**

**Қадыров Ш.М.**

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕРДІ РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ:

Ғылыми зерттеу жұмысының қолжазба мәтіні ішінде берілетін сілтемелер тік жақша ішінде көрсетіледі.

**Мысалы:** Кеңістіктегі салу есептерін шығару жазықтықтағы сияқты мынадай төрт кезеңнен тұрады [6]:

Бұл поэманың бір құндылығы міне осы тарихилығында деуге болады» [6], - деген пікір ...

### Кітап:

Авторлардың тегі және аты-жөндерінің бірінші әріптері. Кітап атауы. — Басылып шығарылған орны (қала, елді мекен): Баспахана, Басылым жылы. — беттер саны.

**Мәселен:** Қабдолов З. Ерлік пен елдіктің өшпес рухы. — Алматы: Арыс, 2001. — 160 б.

### Еңбектер жинақтары:

Авторлардың тегі және аты-жөндерінің бірінші әріптері. Мақаланың тақырыбы //Басылымның толық атауы. Редакторлық алқа. — Басылып шығарылған орны (қала, елді мекен): Баспахана, Басылым жылы. — Том. — беттер саны.

**Мысалы:** - Болатхан Ә. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мәдениет //Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.). Қойгелдиев М.Қ. бас редакторлығымен. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. — 261-278 бб.;

- Приходько Н.Г., Лесбаев Б.Т. Төменгі қысым кезіндегі көміртекті нанокұрылымдардың синтезі //VI Халықаралық симпозиум: Көміртекті материалдардың физикасы мен химиясы /Наноинженерия. — Алматы, 2010. — 135-138 бб.

### Журнал:

Авторлардың тегі және аты-жөндерінің бірінші әріптері. Мақаланың тақырыбы // Журналдың атауы (Сериясы). — Басылым жылы. — Томы. — Нөмірі. — Беттері.

**Мәселен:** Майтанов Б.Е. «Ұлттық бірегейлік» ұғымы туралы //Отан тарихы (65), 2003. — №36. — 114–120 бб.

Website: Соколовский Д. В. Теория синтеза самоустанавливающихся кулачковых механизмов приводов [Электрон.ресурс]. – 2006. – URL: [http://bookchamber.kz/stst\\_2006.htm](http://bookchamber.kz/stst_2006.htm) (дата обращения: 12.03.2009) - интернет источники

## **«С. ДЕМИРЕЛ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТТІҢ ХАБАРШЫСЫ» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫНА ЖАРИЯЛАУҒА ҰСЫНЫЛҒАН МАҚАЛАЛАРДЫ ҚАРАСТЫРУ ТӘРТІБІ**

«С. Демирел атындағы университеттің хабаршысына» жариялау мақсатында жіберілген әрбір ғылыми зерттеу жұмысының қолжазбасы мәтіннің рәсімделу тәртібінің және журналдың тақырыптық бағытына сәйкестіктігін тексеруге жауапты редакциялық алқа мүшелері болып табылады.

«С. Демирел атындағы университеттің хабаршысына» жарияланатын әрбір мақала қолжазбасын эксперттік сараптамадан өткізу мақсатында рецензиялау үрдісінің жүргізілуі шарт. Техникалық талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін, мақала тиісті ғылым саласындағы 2 тәуелсіз сарапшыларға беріледі.

Автордың қалауы бойынша қолжазбаға сыртқы сын-пікірді қоса ұсынуға болады. Сын-пікір беруші ретінде мақала авторы немесе бірлескен авторы, сондай-ақ автордың ғылыми жетекшісі мойындалмайды.

Сын-пікірде қолжазба түрінде тапсырылған мақаланың ғылыми, әдістемелік жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау мақсатында жан-жақты талдаудан өткізіліп, әділ баға берілуі тиіс. Құрылымдық тұрғыдан, формасы еркін деп анықталғанымен, сын-пікірде келесідей бөлімдердің міндетті түрде қамтылуы талап етіледі:

- 1) Жариялауға ұсынылған қолжазбаның өзектілігі;
- 2) Қолжазбада қарастырылған зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы;
- 3) Зерттеу проблемасының қойылуы немесе алынған нәтижелердің маңыздылығы;
- 4) Зерттеу және материалдарды статистикалық өңдеу әдістерінің заманауилығы;
- 5) Қолжазба көлемінің рұқсат етілген ауқымға сәйкестігі;
- 6) Қолжазбадағы кестелер, иллюстрациялық материалдардың мәтінде пайдаланылуының негізділігі мен орындылығы, тақырыпқа қатысты өзектілік сәйкестігі мен маңыздылығы;
- 7) Зерттеу мақсаттары мен міндеттерінің сәйкестілігі;
- 8) Материалды ұсыну нақтылығы: стиль, терминология, тұжырымдама;
- 9) Дерек көздерін зерделеу және библиографиялық сілтемелерді рәсімдеу дұрыстығы.

Зерттеудің қорытынды қарар бөлігінде қолжазба туралы негізделген жалпы тұжырым және мақсаттық басымдылығы болған жағдайда оны ғылыми журналға жариялау ұсынысы, талапқа сәйкес келмеген жағдайда бас тарту немесе оны қайта қарау қажеттілігі туралы нақты ұсыныс болуы тиіс. Сын-пікір журнал редакциясында 3 жыл бойы сақталады және арнайы сұратылым жағдайында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне тапсырылады.

**Жауапты редактор**

**Қадыров Ш.М.**